

Ермекова Д.К., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИО-31 тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б.)

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, ірі саяси тұлға – Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде сол кездегі Семей губерниясы Қарқаралы уезі, Қу болысы Қызылшілік елді-мекенінде орта шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Нұрмақ 1867 жылы туған. Нұрмақтан Мапыш, Нығмет, Құрманғалы, Торғай, Мәжкен, Ғайша, Жәмел, Шөкен, барлығы сегіз бала дүниеге келген. Табиғатынан ерекше зерек, талантты Нығмет ауыл мектебін үздік бітіріп, мұғалімінің кеңесімен Қарқаралы қаласына келді. 1908 жылы Нығмет Қарқаралыдағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне түседі. Осы училищенің меңгерушісі Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Сирек қабілетке ие Нығмет білімге құштарлықпен ден қойып, 1911 жылы училищені табысты аяқтайды [1, 5 б.].

Нығмет Нұрмақовтың өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі туралы іргелі ғылыми-зерттеу жұмысын жазған тарихшы ғалымдар М.Қойгелдиев «Ұлтшылдықпен күрес науқаны», Р.Сағымбеков «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Нығметтің іздері сайрап жатыр», «Халқының ардақты азаматы», «Тұтқында болған кітаптар» мақалалары арқылы тұлғаның тарихи бейнесін сомдап, оның өмірінің ең маңызды кезеңдеріне шолу жасайды. Зерттеуші ғалым А.Сармурзиннің «Нарком – Н.Нұрмақов» атты мақаласында ардагер ағамыздың өнегелі өмір жолынан нақты, қысқаша мағлұматтар береді. Қаражігітовтің «Айтулы азамат ел мақтаны», тілші К.Мұсырманнның «Қан тамған қолжазбалар», «Жазығы не еді апалардың», жазушы Жайық Бектұровтың «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Көрнекті қоғам қайраткері», Қарқаралылық қаламгер С.Ләмбековтің «Арыстар» дел аталатын жаңа романы жарық көрді. Шығармада басты кейіпкер Н.Нұрмақовтың өмірі мен қызметіне қоса Әлихан Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, Мәди Бәпиұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев т.б. арыстарымыздың жарқын өмірлері жайлы баяндалған [2, 268 б.].

1911-1915 жылдары Нығмет Нұрмақов Омбыға барып, Батыс Сібірмен қазақ даласының сол кездегі әкімшілік орталығындағы мұғалімдер семинариясында оқыды. Мұнда осы ғасырдың бас кезінде бір топ талапты қазақ жастары оқыған болатын. Бұлардың ішінде болашақ көрнекті қоғам қайраткерлері ақын-жазушылар М.Жұмабаев, С.Сейфуллин және өзге де белгілі қызметкерлер болды. Нығмет, Сәкен, Мағжан 1914 жылы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымын құрып, сол ұйымның басшыларының бірі болды. «Бірлік» ұйымы жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, қазақ тілінде кітаптар шығару, туған халқына қамқор болу мақсаттын көздеді. Бұл ұйымға С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Саматов, Ш.Әлжанов және тағы басқа қазақ жастары мүше болған. Ұйым мүшелері халық арасында білім алудың маңыздылығын түсіндіріп қана қоймай, патша саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын да жүргізді. Ұйым мүшелері Омбыдағы қазақ зиялыларын бағыт-бағдар беруімен қатар қазақ жастары арасында әр түрлі ойын-сауықтар өткізіп отырды.

Нығмет Нұрмақовтың 1920-1930 жылдар аралығында өте маңызды бірнеше еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектер сол кездің саяси, экономикалық жағдайына байланысты жазылғандығына қарамастан, оның саяси күресі мен идеяларын ұғынуда маңызы зор. Сонымен қатар, Нығмет Нұрмақовтың еңбектеріндегі көптеген жайлар бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоймаған. Өмірінің соңына дейін халқына адал қызмет етіп, халықтың қамы үшін бар күш-жігерін жұмсаған қазақ халқының перзенті Нығмет Нұрмақов қоғамдық және мемлекеттік қызметімен қоса журналистік жұмыспен шұғылданып, жалынды публицист болды. Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешуінде» Нығметтің бұл қасиеті жайлы былай дейді: «Сол 1917-1918 жылы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті «алаштың» тілі болып, ал Семей губерниясы, Қарқаралы уезіндегі жалғыз Нығмет Ақмолаға «Тіршілік» газетінің басындағы бізге хат жолдап жатты» [3, 160 б.].

Н.Нұрмақов халқымыздың ана тілін көтеру, тіл мәртебесін биіктету жолында қыруар жұмыстар жүргізді. Ол сот ісінің ана тілінде жүргізуін талап етті. Соның нәтижесінде көптеген аудандарда тергеу және сот істері қазақ тілінде жүргізілді. Ол жоғарғы орындардан губерниялық сот бөлімшелерін қысқартпауын және заң саласындағы қызметкерлердің жалақысын көбейтуді 1924 жылдың 11-18 қаңтар айында Орынборда өткен бірінші республикалық прокурорлар кеңесінде жасаған есепті баяндамасында ашық айтады. Партиялық және мемлекеттік жұмыстың қай саласында

жүрсе де, Н.Нұрмақов барлық күш-жігерін, ұйымдастырушылық дарыны мен білімін жаңа құрылыс ісіне жұмсайды. Ол қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушілігін атқарған кездерде өз елінің саяси мәдениетін көркейтуге үлкен үлесін қосты. Нығмет РКП (б) Қазақстан Өлкелік Комитетінің органы болған «Қызыл Қазақстан» журналының кезекті редакторы да болады және осы журналға бірнеше мақаласын жариялады. Нығмет Нұрмақов одақтық және республикалық баспасөзде көптеген мақалалар жариялап, шаруашылық және мәдени құрылыстың толғағы жеткен мәселелері бойынша құнды пікірлер айтты. Оның қалам қуатының аса күшті екендігіне «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің 1924 жылғы 7 қарашадағы осы басылымның үш жылдығына арналып берілген санында осы газетті өркендетуге сіңірген еңбегі үшін әр жылдардағы газет редакторлары мен қызметкерлері С. Сейфуллин, М. Жолдыбаев, Ж. Сәдуақасов, Б. Майлин, Т. Жүргенов, С. Мұқановтармен бірге оған да алғыс айтылуынан көруге болады [4, 15 б.]. Нығмет Нұрмақовтың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы – қазақ баспасөзін қалыптастыруға ықпал етуі еді. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың кеңес дәуіріндегі «Тіршілік», «Қазақ тілі», «Қызыл Қазақстан» басылымдары арқылы ұлттық баспасөздің негізін салды. Солар шынайы жалпыұлттық саяси – қоғамдық мерзімді басылымдар болды. Өз кезінде олардың әрқайсысы қазақ өміріне қатысты мәселелерге ой жіберіп, көзқарасын, бағыт – бағдарын үнемі білдіріп отырды. Қазақ зиялыларының саяси орталықтары ретінде бүкіл саяси – әлеуметтік іс – әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді. Бұларды қара қазақтың түгелге жуығы оқыды [5, 8 б.].

Нығмет Нұрмақов саяси әдебиет кітаптарын қазақ тіліне аударуды ұйымдастыруда, жергілікті жастар арасында саяси идеялық тәрбие жұмыстарын өрістетуге белсене қатысты. 1923 жылдың наурызында РКП (б) Киробкомы пленумының шешімімен қазақ тілінде марксистік әдебиет шығармаларын басып шығару жөніндегі редакциялық алқа құрамына кіреді. 1921-1930 жылдар арасында К.Маркс, В.Лениннің 30 астам еңбектері қазақ тіліне аударылып, басып шықты. Халқы сүйген ардагердің артындағы мұраларын сөз еткенде оның жаңа өмірге ұмтылған қазақ оқырманы іздеп жүріп оқыған мақалалар, кітаптар авторы болғанын атап айтқан жөн. 1917 жылдың қазан айынан 1918 жылдың мамырына дейін Сәкен Сейфуллин, Рақымжан Дүйсенбаев, Абдолла Асылбековтер Ақмолада шығарып тұрған тұңғыш кеңестік қазақ баспасөзі «Тіршіліктің» басықасында болған. Бұл жөнінде Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде», академик-жазушы Т.Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин» тарихи ғұмырнамасында жан-жақты айтылады. Нығмет қаламының қарымды болғанына «Еңбекші қазақтың» (Социалистік Қазақстан») 1924 жылғы 7 қарашада газеттің 3 жылдығына арналып берілген нөмірінде әр кездегі редакторлар мен қызметкерлер қатарында оған да (Сейфуллин, Жолдыбаев, Сәдуақасов, Нұрмақов, Майлин, Жүргенов, Арыстанбеков, Мұқанов) алғыс айтылғандығы бір айғақ. Сол қаламын ол қолынан 1937 жылы сталиндік жөндеттер тартып алғанға дейін бір сәт түсірген емес. Екінші кітап «РСФСР – дегі аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы мен міндеттері» деген еңбегі 1934 жылы Мәскеудегі «Власть Советов» баспасынан жарық көрді. Бұл Нұрмақовтың сталиндік «идеяларды» басшылыққа алмаған «қауіпті» ұлттық кадр екендігін дәлелдеп берген туынды. Нығмет бұл еңбегінде БОАК Президиумы ұлттар бөлімінің жан-жақты жұмысын саралап көрсеткен. Кітап «Патшалық Ресеймен РСФСР – дегі аз санды ұлттар», «Азсанды ұлттардың еңбекшілер бұқарасын советтік құрылысқа қатыстыру», «Социалистік өнеркәсіптегі азсанды ұлттар жұмысшылары», «Азсанды ұлттар арасындағы колхоз құрылысы» және «Азсанды ұлттар арасындағы мәдени құрылыс» деген тараулардан тұрады [6, 9 б.].

Н.Нұрмақов шығыс халықтарының алфавитін құруға арналған Бүкіл Одақтық Комиссияның мүшесі және төрағасы болды. 1934 жылы Мәскеу қаласында «Власть Советов» баспасынан Н.Нұрмақовтың Жалпы редакциялық басшылығымен РСФСР халықтары арасында жаңа алфавитті ендіру жөнінде «Октябрь алфавиті» деген атпен мақалалар жинағы шықты. Жинақта Татарстанда, Башқұртстанда, Қырғызстанда, қазақтар арасында, Солтүстік Кавказ бен Дағыстанда, Қалмақ автономиялы облысында, Қырым халықтары арасында, жаңа латын алфавитінің енгізілуі туралы мақалалар берілген. «Қазақстан құрылысы» (Строительства Казахстана) деген атпен 1928 жылы Қызылордада, «РСФСР-дегі аз ұлттар арасындағы жұмыстың жәйі мен міндеттері» (Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР) деген атпен 1934 жылы Мәскеуде жарық көрген екі кітабы 1937 жылы тәркіленген. Мәскеуде соғысқа дейін шығып тұрған «Власть Советов», «Революция и национальность», «Жизнь национальностей» журналдарында үзбей көлемді мақалалары басылған. Осы жылдары өзінің құрастыруымен ол «РСФСР-дегі ұлттық құрылыс» (Национальное строительство в РСФСР) деген көлемді жинақ шығарған. Міне, осыларды жинастырып, мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың өмірбаянымен қоса жеке кітап етіп шығару

– бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихшылары мен баспасөз қайраткерлерінің парызы, мұны олардың назарына салу – аға ұрпақ интеллигенция өкілі ретіндегі біздің міндетіміз [7, 6 б.].

Н.Нұрмақов өз еңбектерінде халқының, қазақ ұлтының болашағы даму жолының бағытын батыл көрсетіп айқындай білді, бұған «Қазақстан құрылысы» және «РСФСР-дегі аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы мен міндеттері» атты еңбектері дәлел бола алады. Осы кітаптары жарыққа шыққан соң көп ұзамай Голощекинмен сыйыспай Қазақстанның өкімет басшысы қызметінен тайдырылды. Ал 1937 жылы БОАК-нің Ұлттар бөлімін басқаруға ауыстырылды. Нығмет Нұрмақов қоғамдық жұмысқа да көп тартылған. Ол XI, XIV партия съездерінің, көптеген сессиялардың делегаттары болып сайланған. Бұл жылдар Н.Нұрмақовтың Ресей Федерациясына қарайтын ұлттық республикалар мен аз ұлт кадрларын даярлауда, еңбекші бұқараны достық қарым-қатынаста тәрбиелеуде жемісті еңбек еткен жылдары болды. Осы қызметте аяулы азамат 1937 жылдың 3 маусымына дейін, сталиндік жөндеттердің қанды шеңгелімен қамауға алынғанша отырды. Әміршіл, күдікшіл система басында отырғандар ұлт кадрларына аса сенімсіздікпен қарағаны енді ғана деректі түрде белгілі болуда. Бүкіл өткен ғұмырында еркіндік аңсаған қазақ елінің «қолым жетті ме, жетпеді ме» деп Қазан төңкерісінен үміт шуағын күткен күндері бірден келмеді, ардақты азаматтарынан қапыда, өкініште айырылуы, солардың құрбандығы, оларсыз кешкен азапты күндерді өткеру арқылы келді.

1937-1938 жылдардағы тоталитарлық жүйе қыспағынан зиялыларымыздың тең жартысы қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ халқының Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Ү.Құлымбетов, О.Исаев, О.Жандосов, Ә.Досов, А.Асылбеков, Ж.Сұлтанбеков, Т.Жүргенов, Ж.Садуақасов, Н.Сырғабеков сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері «буржуазиялық ұлтшылдар» деген айып тағылып, атылды. Кеңес үкіметіне адал қызмет жасаған Нығмет Нұрмақов та қара тізімге ілікті. Ол 1937 жылы 3 маусымда Мәскеудегі пәтерінде тұтқынға алынды. Ол туралы жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы сол бір ауыр күнді былайша есіне алады: «Біз Мәскеудің Серафимович көшесіндегі №2 үйдің 243 – пәтерінде тұрдық. Маршал Тухачевский көрші еді. НКВД-ның қызметкері әуелі соны ұстап әкетті. Көп кешікпей, өзгелерді де тұтқындай бастады. Бірнеше пәтерлер қаңырап бос қалды. Біздің де көңілімізге күдік ұялады. Өйткені «халық жауы» деп ұстанғандардың бәрі адал адамдар. Күн батса болды, бір қорқыныш сезім баурап алады. Түнді үрей құшағында өткіземіз. Аулаға қара көлік келіп, түсі суық жандар әлкекімнің есігін тоқылдатқанда ғана «Уһ, бізге емес екен ғой» деп бар деміміз бір-ақ шығады. Артынша «Бұл сұмдық қанша уақытқа созылады?» деген ойға батамыз. Құс ұйқы мен сергелдең кезіп өтіп жатты. Шілденің 3-не қараған түні біздің есікте қатты соғылды. «Ашыңыз! Су жүйесін бақылаушы! Төменде су ағып жатыр. Сіздің пәтеріңізді де қарау керек». Ішке әскери киімде киінген біреулер кірді. Нығмет олардың кім екенін бірден білді. Киініп, қажетті құжаттарын қалтасына салды да, шошынған бізге: «Күтіңіздер... Мен келемін... Ешқандай кінәм жоқ», – деді сөзін үзіп – үзіп. Содан үш күн өтті. Хабар – ошар жоқ. Мен НКВД-ға бірнеше рет бардым. Ондағылар күнде «ертең кел» дейді. Ақырғы 20-шы шілдеде «халық жауының» әйелі деп өзімді де Бутырканың түрмесіне жапты. Ұлым Ноян мен қызым Тамараны жетімдер үйіне жіберіпті» [1, 168 б.].

1937 жылдың 27 қыркүйегінде өткен айыптау сотында Нығмет Нұрмақов «1921 жылы пантүрікшіл орталықтың басшылық құрамына тартылды, Қазақстанда партияға қарсы зиянкестік әрекеттермен шұғылданды» деген айыптаулар тағылып, құрамында әскери заңгерлер Голяков, Ждан және Кандыбина, Кудрявцев сияқты мүшелердің қол қоюы мен ең қатаң «атылсын» деген үкім шығарылады. Нығметтің туған-туысқандары мен отбасы да қуғын – сүргінге ұшырады. Әкесі Тәукебаев Нұрмақ 1937 жылдың 28 қазанында тұтқындалып, Қарағанды облыстық ішкі істер Халық Комиссар үштігінің 8 қарашадағы сот үкімі бойынша ату жазасына кесіледі. Бұл үкім 18 қарашада орындалады. Бір інісі Құрманғали тұтқындалып, Воркута қаласына жер аударылды, ал кіші інісі Жәмел еңбек армиясына (трудармияға) айдалды. Зайыбы Зуфун Ыбырайқызы Нұрмақова да қуғындалып, 17 жылдай әуелі Бутырка, Карелофин лагерінде, одан соң АЛЖИР-де айдауда болды.

Нығмет Нұрмақов 1956 жылдың 11 тамызында КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды. Нығмет Нұрмақовтың ақылды және іскер адам болғандығын және оның мемлекетке қарсы ой айтпағандығын академик Қаныш Сәтбаев 1956 жылы өзінің түсініктеме хатында баяндаған.

Нығмет Нұрмақовтың қыз баласы Тамара адам төзгіссіз ауыр азаптан зардап шегіп, 1943 жылы жетімдер үйінде небәрі 18 жасында қайтыс болады. Ұлы Ноян 1939 жылға дейін балалар үйінде болып, одан кейін Куйбышев қаласына оқуға жіберіледі. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Сталинград, Белград қалалары, Днепр үшіп болған шайқастарға, Праганы азат еткендер қатарында болады. Ерліктері үшін орден, медальдермен

марапатталады. Әскери училищеде, ал соғыстан соң Алматы шаруашылық институтын бітіріп, Алматыда, Мәскеуде қызмет етеді [1, 230 б.].

Еліміздің біртуар ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақов небары 42 жасында, 1937 жылы жазықсыз жаламен репрессияға ұшырап, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Жұмабаев, С. Қожанов, т.б. ардақты арыстарымызбен бірге әділетсіз НКВД жендеттерінің қолынан Мәскеуде атылды. Оған да басқаларға жағылғандай қара күйе жағыла келіп: «...Под его руководством проводилась повстанческая диверсионно-вредительская, террористическая работа в Казахстане» деген шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, қаскөй пиғылды айып тағылған [1, 86 б.].

Тарихи XX съездің жеке адамға табыну зардаптарын жою жөніндегі шешімдерінен кейін Нығмет жөніндегі үкім 1956 жылы күшін жойды, басқа да ақталған арыстармен қатар оның абзал есімі халқына қайтарылып берілді. Сот үкімі негізсіз деп табылып, Нығметтің атақ-абыройы орнына келтірілді. СССР Жоғарғы Соты әскери коллегиясының сол жылғы 11 тамыздағы үкімінде: «...что Нурмаков был привлечен к уголовной ответственности и осужден необоснованно...Рассмотрев материалы дела и дополнительной проверки по нему и находя заключение обоснованным, Военная коллегия Верховного суда СССР.

Определил:

Приговор Военной коллегии Верховного суда от 27 сентября 1937 года в отношении Нурмакова Нигмета Нурмаковича во вновь открывшимся обстоятельствам отменить и дело о нем на основании 5-ст. УПК РСФСР производством прекратить» [1] делінген.

Міне, арада жиырма жылдай уақыт өткенде ғана есіл ерлер мойнына тағылған жала жоққа шығарылды. Зайыбы Зүфнүн сол әділдіктің орнағанын көріп өмірінің соңында аяулы жар атағының аясында, аруағын елімен бірге ардақтап тыншу ғұмыр кешті. Өкініштісі, екі баласының үлкені Тамара жетімдер үйінің «рақатына» төзе алмай ол дүниелік болды (маған сол әпкемнің есімі беріліпті), жалғыз ұлы, кеңес офицері Ноян өмірге Нығмет, Елена есімді екі бала әкеліп, зобалаң жылдар қалдырған сырқат салдарынан бертінде, Мәскеуде анасымен бірге тұрған шағында қайтыс болды [1, 230 б.].

Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған Нығмет Нұрмақов – тау тұлға. Нығметтей алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Ол өзінің іскерлігіменен, білімділігімен қайраткер ретінде өзін қоғамға танытты. Н.Нұрмақовтың халқының ұлы патриоты болғанын оның үкімет басшысы болғандағы кезіндегі ерен еңбегінен көреміз. Ол ұлттық мемлекет үшін күресте өзінің күш жігерің халқының рухани өсуіне арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова Т. Тәуелсіздік тұғырын қалап кеткен Алаш қыраны. – Қарағанды: Арка және К баспасы, 2019. – 280 б.
2. Файзуллаев Ә., Қабдөшев Б. Юстиция Халық комиссарлары. Алматы: Жеті жарғы баспасы, 1999. – 344с.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман /Төртінші басылым. – Алматы: Жазушы, 1977. – 387 б.
4. Сармурзин А. Нарком – Нығмет Нұрмақов. // Парасат. – 1994. №8 – 23 б.
5. Сағымбеков Р. Халқының ардақты азаматы. //Оргалық Қазақстан. – 1985. № 15. – 10 б.
6. Сармурзин А. Нарком – Нығмет Нұрмақов. // Парасат. – 1994. №8 – 23 б.
7. Жағыпаров Н. Халыққа қалтықсыз қызмет етті. – // Қазақстан коммунисті, №4, 1985. – 33 б.

Жаппарова М.Н., Қасымжанова Ж.Е., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИОПиП-25, ИО-21 тобы студенттері
(Ғылыми жетекші — т.ғ.к., доцент Амрина М.С.)

МҰСЫЛМАН ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕ

Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ. Қазақ халқының түсінігіндегі әйел адамының маңызы ұлт болып қалыптасқанымыздан бері өте жоғары бағаланған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен,